Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

13 сәуір сейсенбі
№29 (1731)
2021 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

РЕДАКТОР БАҒАНЫ

15 сәуір

Мақалаға тақырып еткен 15 сәуір – өзіндік тарихи мәнге ие күн. Тарихқа көз тіксек, осыдан 96 жыл бұрын әлі Қызылорда аталмаған Ақмешіт қаласына Қазақ АКСР (ол кезде әлі Қырғыз АКСР болатын) кеңестерінің V съезіне сайланған делегаттар мен үкімет мүшелері келіп, бес күнге созылған съезд өтіпті. Бұл – Ақмешіттің астана болған шағы.

Ақмешітті астана ету оңай болған жоқ. Сұлтанбек Қожанов «Ақжол» газетінің 1924 жылдың 17 желтоқсандағы санында «Қазақтың астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан, қазақтың киіз ауылында болса да қазақ ұлты жұртшылығына жуық болуы керек. Қазақ ұлт мемлекетшілігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса өз ордасы болуы керек» – деп жазды.

Астананы анықтау жөнінде құрылған арнаулы комиссия Қазақ Автономиялы Кеңестік Республикасының астанасы болуға лайық қалалар қатарында Ақмола, Әулиеата, Шымкент, Ақтөбе, Ақмешіт қалаларын атады. Тарихи таңдау Ақмешітке түсті.

Архив құжаттарын негізге алып, тарихи деректерді сөйлетсек, 1925 жылғы 15 сәуірде Ақмешітте Қазақ АКСР кеңестерінің V съезі бастау алған. Съезд күн тәртібінде ұлттың тарихи атауын қайтару және жаңа астананың атын ауыстыру секілді мәселелер қаралды.

Осы жиында Сұлтанбек Қожанұлы кезектен тыс сөз алып, ресми құжаттарда қырғыз аталып келген қазақты қайта қазақ атау жөнінде және Ақмешіт атауын Қызылорда деп өзгерту туралы бастама көтерді. Съезде бұл мәселе сол мезетте шешілген.

Алтын ордадан тін тартатын Қызылорда сөзінің мәні біз ойлағаннан әлдеқайда терең. Сол кезде Қожановтай ел қамын ойлаған тұлғалар тарихи һәм рухани байланысты негізге алып барып, Ақмешіттің атауын өзгерткен. Оның түпкі мағынасы Алтын орда дегенге саяды. Біз бұл туралы бұған дейін жазған мақалаларымызда бірнеше дәлелмен мысал келтіргенбіз. Сол себепті де арнайылап тоқталған жоқпыз.

Бұл оқиға осыдан 96 жыл бұрын болған. Сонымен 15 сәуір ұлт атауын қайтарған әрі Ақмешітті Қызылорда атаған съезд басталған күн ретінде тарихқа енді. Съезд 5 күнге созылғанын ескерсек, 19 сәуірге дейін ұлттың тарихи атауы ресми түрде қайта қалпына келтіріліп, ел астанасына жаңа атау берілген. Бір қызығы, 69 жылдан соң, дәл осы 15 сәуірде Қызылорда қаласының қоғамдық-саяси газеті болып саналатын «Ақмешіт апталығы» басылымы жарыққа шыққан.

Сәйкестік пе, әлде Құдайдың өзі Қызылорданың тыныс-тіршілігін бедерлейтін басылымның дәл осы күні жарыққа шығуын қалады ма екен?! Бұл жағы бізге бәймәлім. Бір білетініміз, 15 сәуір ұлт атауын қайтарған әрі Ақмешітті Қызылорда атаған съезд басталған және Қызылордадағы қалалық статусы бар жалғыз басылым – «Ақмешіт апталығы» газетінің ақпарат айдынына жол тартқан күні. Бұл күн бізге осынысымен де ыстық.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ

Күлтегін тұсының шеберге қашау ұстатқан данышпандары «будыным» дегенде, санасы оймен кемелденіп, кеудесі шерге толып: «Үстіңнен тәңірі баспаса, астыңнан жер тілінбесе, түрікті кім басынады?» дейді екен. Мұндағы «будын» деп отырғанымыз – халық.

Мыңдаған жылдар бойы қасиеті мен кепиетін ислам құндылықтарымен суарған исі қазақ, күллі мұсылман жұрты секілді, Алланың бір аты – Халық деп біледі. Түу, қазақтан сөз артылған ба? «Халық пен қара жер қартаймайды», «Халық ұйғарса, хан түйесін сояр», «Халық қаһары қамал бұзар», «Халық сүймес, халық сүйген отқа күймес»...

Қазақ елінде, бүгінгі жаңарған Қазақстанда тағдыр-талайы біте қайнасқан, ескі дүрдараздықты ұмытқан, өткеннің сабағын молынан алуға мүдделі бір-ақ халық тұрады. Бір болып жұмылуға тиіс халық тұрады. «Осы жұрт қызық» дегенді біз де айтайық, кеңес тұсында «совет халқы» деп жағы сембегендер, қай шайтан түрткенін кім білсін, еліміз тәуелсіздік алғалы бері «Қазақстан халықтары» деуді әдетке айналдырды. Тіпті бір жағынан қоғамдық, екінші жағынан саяси-кеңес беруші ұйым болып есептелетін Ассамблея – ресми түрде 2007 жылға дейін «Қазақстан халықтары Ассамблеясы» деп аталды. Әрине, бұл – қате тіркес еді. Мемлекеттік-саяси тұрғыдан да, лингвистикалық тұрғыдан да. Сіз мұны айтасыз, ғаламдық аяда қарағанда, қазақ сөзінің мәнін түсінетін азамат «әлем халықтары» деп емес, «әлем халқы» деп сөз саптайды.

3 БЕТТЕ

ДЕНСАУЛЫҚ

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, 11 сәуірде өңірде коронавирус жұқтырған 35 науқас анықталған. Оның 19-ы Қызылорда қаласында, Аралда – 2, Жалағашта – 1, Сырдария мен Шиеліде – 2, Жаңақорған ауданында 9-ы анықталған.

COVID-19: ІНДЕТ күшейіп келеді

35 науқастың 8-і, яғни 23 проценті инфекциялық стационарға жатқызылса, 27 адам үй жағдайында бақылауда. 16 науқас жаңа ошақ ретінде, оның 13-і КВИ симптомдарымен тіркелсе, 1 адамнан тест арқылы және 2 науқастан стационарға жатқызар алдындағы тексерісте тіркелген.

Сонымен қатар жексенбі күні 14 науқас коронавирустан емделіп шыққан. Олардың 9-ы Қызылорда қаласынан, Арал, Қазалы мен Жаңақорған ауданынан 1 адам, Сырдариядан 1 науқас жазылып шықты деп тіркелген. Жалпы өткен жылдан осы кезге дейін Covid-19 жұқтырған 4407 науқастың 3984-і вирустан емделіп шыққан. Демалыс күні 426 адам зертханаға сынама тапсырып, 347 сынама тексерілген, ал 79 тестпен жұмыс жасалуда.

2021 жылдың басынан бері аймақта 1015 адамнан коронавирус анықталған. Вирус жұқтырғандармен қарым-қатынаста болған азаматтар саны – 18061. Оның ішінде тікелей қарым-қатынас – 15313, ал ықтимал – 2748. Эпидемиологиялық маусым басталғалы жалпы саны 270871 сынама тапсырылған.

Жалпы елімізде 11 сәуірде 608 адам коронавирустан емделіп шыққан. Бірақ сол күнгі мәлімет бойынша 2290 адамнан ПТР тесті арқылы КВИ анықталған. Ал 9 сәуірдегі ақпаратқа сүйенсек, коронавирустық инфекциясы бар пневмонияның 102 жағдайы және 5 өлім жағдайы тіркелген. Оған қоса 159 адам пневмониядан жазылып шыққан.

Ал вакциналау науқаны бойынша Үкімет отырысында Асқар Мамин «Вакцинациялау графигі нақты сақталсын және сәуір айында, сондай-ақ мамыр мен маусым айларында, жоспар бойынша ай сайын 2 млн адамды вакцинациялау қамтамасыз етілсін», – деді. 10 сәуірде Қызылорда облысы бойынша барлығы 230 тұрғынға «Covid-19» инфекциясына қарсы екпе жасалған. Олардың ішінде 40,4 проценті медицина қызметкерлері, 26,9 проценті педагогтар, 22,1 проценті мемлекеттік қызметкерлер және қалғаны құқық қорғау қызметкерлері, тұрғындар.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының хабарлауынша, 2-10 сәуір аралығында қала бойынша 5060 адамға вакцина егілген. Жалпы вакциналау науқаны басталған 1 ақпаннан бастап 10659 адамға «Covid-19» вирусына қарсы екпе егілген.

А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

«QYZYLORDA» ШОКОЛАДЫ

Кәсіп бастауға ниетті болғанымен, оны неден бастау керегін, жолын біле бермейміз. Көбіне дайын өнімді алып сату жеңілірек көрінеді. Дегенмен кәсіпкерлік салада өндіріске бет бұру керектігі жиі айтылады. Өндіріспен айналысып, өз өніміңді шығару да оңай шаруа емес. Істің көзін тапқанмен оны әрі қарай алып кетуге де көп күш жұмсалады. Қаржы табу, оны жөнімен жұмсай білу де қажет. Жалпы бастаған кәсібіңнен береке табу үшін қарым-қабілеттің болғаны жақсы.

Қазір жастардың бұл салаға бетбұрысы қарқынды. Тәуелді болудан гөрі тәуекелге бел буғанды жөн көреді. Сондай азаматтың бірі – қала тұрғыны Дархан Асан. Ол көптен бері өңірдің өз өнімін шығаруды көздеген екен. «Qyzylorda» атауымен шоколад шығарып, сатылымға шығаруды мақсат еткенімен ойын қалай іске асыру керектігін білмепті. Десе де ойда жоқта туыс әпкесінің қолдан жасаған шоколадын көріп, жоспарын жүзеге асыруға асығады. Солай «Qyzylorda» тәттісін өндірудегі алғашқы қадам басталады.

Жас кәсіпкер қаланың «Ақмешіт» шағын ауданынан ғимарат жалдап, кішігірім өндіріс орнына айналдырған. Біз барған кезде онда өзі болмаса да анасы мен көмекшілері бар екен. Цехта кезекті өнім өндіру процесі жүруде. Істің мән-жайын кәсіпкердің анасы Жәмила Елеуова баяндап берді.

– Бұл кәсіпті бастағанымызға екі айға жуықтады. Әуелі шоколадты үй жағдайында жасап көруге бел будық. Құрамына түрлі қоспалар қостық. Бастапқыда ойдағыдай шықпады. Бірнеше мәрте қайталап жасағанның нәтижесінде ғана сапалы өнімге қол жеткіздік. Бірте-бірте тәжірибе жинақталған соң шағын цех ашып, қажетті құралдарын әкелдік. Қазір шоколадты арнайы құралдардың көмегімен дайындаймыз, – дейді ол.

– Мен бұған дейін шоколад сататын фирмада жұмыс істедім. Шоколадтың дайындалу әдісі бұрыннан қызықтыратын. Сол кезде осыны өзіміз дайындасақ қаламыздың өз өнімі болар еді деп ойлайтынмын. Сол идеяны іске асыратын уақыт келіп, қолға алған жайымыз бар – дейді досы Әлібек.

Тәтті өнімдерді дайындаудың өзіндік технологиясы, әдіс-тәсілі бар. Одан ауытқысаң өнім ойдағыдай шықпауы мүмкін. Жәмила апай шоколад жасаудың арнайы курсын сатып алған екен. Сол арқылы оны әзірлеу әдісін игерген. Бүгінде олар күніне жүзден аса тәтті өнімді сатылымға шығаруда.

Өнімді өндірген соң, оны сатылымға шығару да еңбекті қажет етеді. «Qyzylorda» тәттісіне жұртшылық екі жақты пікірде көрінеді. Бірі қолдап, жылы лебізін жеткізеді. Енді бірі сын айтады. Дұрысын қабылдап, ойдағыдай етуге тырысады, әрине. Қазір облыстың барлық ауданы өзіміздің өніммен қамтылған. Олар Қызылордадан шыққан өнім деп ерекше қуанады екен. Тапсырыс та ауыл-аймақтан көп түседі. Ал қала ішінде әзірге ескі базардағы «Ажар» сауда үйіне ғана өткізеді. Өнім көтерме бағамен 260 теңге көлемінде. Әрі қарай дүкен иелері өз бағасын қояды.

Шоколадтың сүтті, арахис және жүгері қосылған үш түрі бар. Дәмі басқа тәттілермен салыстырғанда айтарлықтай өзгеше. Мақтағанымыз емес, расында солай екен. Бұған Украинаның брендіне айналған «Roshen» шоколадымен салыстыру барысында көз жетті. Біз барған кезде қажетті шикізаттар келіп, соның басы-қасында жүрген кәсіп иесі Дарханмен тілдесудің сәті түспеді. Алайда бастаған ісіне береке тіледік.

Қайсыбір кәсіпті бастасаң да қаржыға тәуелді болатының белгілі. Алдағы уақытта жас кәсіпкердің «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы арқылы кәсіп аясын кеңейтсем деген ойы бар. Сәтін салып, ісі оңға басса «Qyzylorda» шоколады танымал болатынына күмән жоқ.

Айдана СЕЙІЛ
Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

НИЕТ ҚАБЫЛ БОЛСЫН!

«Вакцина салу, ПТР-тест оразаны бұзбайды»

Бүгін мұсылман қауымы үшін ерекше қасиетке ие он екі айдың сұлтаны – рамазан айы басталды. Жаратқанның шапағаты төгіліп, мейірі артатын, қылған қайырым мен жасаған игі қадам еселенер кезең ораза ұстау амалына ұласары белгілі. Қаншама мұсылман пітір-садақа таратып, жаман қасиет, жат мінезді тыюға тырысады. Сондықтан ораза жан мен тәннің тазаруы, жақсылық жаршысы деп қабылданады. Алайда әлемді жайлаған індет салдарынан оразаға қатысты көп сауал туындайтыны анық. Осыған орай ҚМДБ-ның Қызылорда облысы бойынша бас имамы Болатбек Әбуовке тақырыпқа қатысты бірнеше сауал жолдаған еді...

4 БЕТТЕ

«БІЗ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗБЕН ҚАЛАДЫҚ, ИЫҒЫМЫЗБЕН КӨТЕРДІК, ҚОЛ ЖАЙМАДЫҚ...»

15 сәуір – «Ақмешіт апталығы» газетінің жарыққа шыққан күні. Шығармашылық ұжым үшін де, газет оқырманы үшін де бұл күннің орны бөлек екенін ескере келіп, басылым тарихына қысқаша шолу жасағанды жөн көрдік.

Осыдан тура 27 жыл бұрын Сыр елінде тіл жанашырына айналған «Ақмешіт апталығы» облыстық тіл басқармасының танымдық, ақпараттық, жарнамалық басылымы жарыққа шықты. 1989 жылы «Қазақ тілі» қоғамы, одан кейін Тіл комитеті құрылғаннан кейін жер-жерлерде комитетке қарасты басқармалар отауын тігіп, жұмыстарын жандандырған-ды. Сол кезеңде марқұм Әділхан Бәймен Қызылорда облысының, тіл басқармасын басқарды. 1994 жылдың 18 мамырында облыс әкімінің №97 қаулысы бойынша тіл басқармасының алқасы құрылған сәтте алқа төрағасы болды. Сол жылы 15 сәуірде жарыққа шыққан Сыр елінің танымдық, ақпараттық басылымы «Ақмешіт апталығы» тіл басқармасының үніне айналды.

2 БЕТТЕ

«БІЗ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗБЕН ҚАЛАДЫҚ, ИЫҒЫМЫЗБЕН КӨТЕРДІК, ҚОЛ ЖАЙМАДЫҚ...»

Қазақ тілі мәртебесін көтеру, қазақ тілінің жанашыры болатын бір заңды құрылым мен басылымның қажеттілігі – уақыт сұранысы. Облыстық тіл басқармасы жанынан ашылған «Ақмешіт апталығы» газетінің негізгі мақсаты да осы, тіл жанашыры болу. Басылым «Адамға екі нәрсе тірек тегі: Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі» деген ұстаныммен шыға бастады. Газеттің негізін қалаған, басылымның бас редакторы Әділхан Бәймен, бас редактордың кеңесшісі Нұрділдә Уәлиев, бас редактордың орынбасары Аманжол Сақыпұлы, жауапты хатшылар Шәкізат Дәрмағамбетов, Әділ Ботпановтар, бөлім меңгерушісі Дүйсенбек Аяшұлы болса, техникалық редактор Кенжебай Сиқымов, дизайнерлер Базарбай Пірназар, Лида Батырбайкеліні, суреттерді әзірлеуде Қуаныш Мырзабаев, фототілші Болат Омарәлі есімі аталады.

Газеттің іргесін қалауға үлес қосқан Қазақстанға еңбек сіңірген өнер қайраткері Қайырбай Зәкірұлы былай деп жазады: «Ақмешіт апталығы» газетінің ең алғашқы саны әлі есімде. Газеттің атауы сол газеттің жүргізетін саясатының, жалпы табиғатының айнасы іспетті емес пе?! Газеттің атауын қалай жазып, қалай орналастыру мәселесімен Әдекеңмен бірге келісе отырып, біршама жұмыс жасадық. Сол жолғы газет ұжымының өзі ерекше топ – есімі елге енді-енді белгілі бола бастаған, журналистика, ғылым, поэзия саласының босағасын аттаған алғашқы нық қалам иелері Аманжол Сақыпұлы, Әділ Ботпанов, Дүйсенбек Аяшұлы, Нұрлан Көбегенұлы тағы басқа уыздай жастар болатын».

Газет алғашқы күннен бастап ұстанымы айқын екенін байқатады. Қазақ тілінің жанашырына айналған басылым әрбір санында аймақтағы мекемелердің құжаттарының қай тілде жазылып жатқанына дейін зер салып, тіпті қазақ тілінде жаза алмай жатқан мекемелердің атын атап, түсін түстеп жазады. Мәселен, «Ана тілім – алтын тұмарым» айдарымен облыстық тіл басқармасының мекемелерді аралап, құжаттары орыс тілінде жазылған жайттарды әрдайым газет бетінде жариялап отырған. Ал келесі сандарда кемшілікті түзеген мекемелер туралы да оқырманға ақпарат берілуі газеттің өз миссиясын жоғары деңгейде атқаруға жауапкершілікпен қарағаны сезіледі. Тіпті газеттің соңғы бетінде «Қуақы» айдарымен берілген сынсықақтың өзі ана тілінің мәртебесін көтеруге арналған. Облыстық тіл басқармасының тіл мерекесін ұжымдарда өз дәрежесінде атап өту әр басшының азаматтық борышы екенін газет арқылы үндегені сол уақытта тіл мәртебесін көтеруге қаншалықты жұмыс атқарылғаны және баспасөздің ықпалы зор болғанын көрсетеді.

1995 жылғы 1 сәуірде ҚР Президентінің №2164 «ҚР Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы» Жарлығы шығып, осыған орай тіл басқармасы Ұлт саясаты жөніндегі комитет болып қайта құрылды да, тіл басқармасы сол комитеттің бір тармағы болып қалды. Осыдан бастап газет Ұлт саясаты жөніндегі Қызылорда облыстық комитетінің басылымы болып шыға бастады.

1995 жылдың тамыз айынан бастап басылымға «Оңтүстікмұнайгаз» АҚ құрылтайшы болды.

Газет 1995 жылдың №23 санынан бастап Қызылорда облыстық тіл комитетінің, «Оңтүстікмұнайгаз» мемлекеттік АҚ-ның танымдық ақпаратты басылымы болып шыға бастады. Осы саннан бастап газетте мұнай тақырыбы жиі жарық көрді. «Мұнайшылар, мұнай бер!», «Мұнай миллиондар игілігі», «Алтын аймақтың адамдары», «Болашақтың баспалдақтары» деген тақырыптармен бірге «Мұнайлы аймақтың адамдары», «Құмкөл хабарлары» айдарлары тұрақты беріліп отырған. Газеттің логотипіне де өзгеріс енді. Мұнай скважиналарының суреті логотиптен көрініс тапты. Осы жылы газеттің қосымша құрылтайшыларының саны артты. Атап айтқанда, облыстық мәдениет, білім басқармалары, облтелерадиокомпаниясы, «Ақмешіт» жабдықтау өткізу, «Алаугаз», «Қызылордамұнайөнімдері» «Ақмаржан» АҚ мекемелері газетке құрылтайшы болды.

1996 жылы газеттің таралымы 8000-ға жетті. Осыған орай газеттің басылу тәсілі өзгергенін «Редактор бұрышы» айдарында «Ақмешіт» оқырмандарына» деген тақырыппен хабарлайды: «Ақмешіт апталығы» газеті тиражының көбеюіне байланысты алдағы уақытта өзгеше тәсілмен шығуы мүмкін екенін естеріңізге саламыз. Яғни, облыстық «Полиграфия» бірлестігі газетті осыдан былай қарай №12 облыстық баспаханадан «Сыр бойы», «Кызылординские вести» газеттері секілді ротациямен басатын болады. Баспагерлердің пікірінше, газеттің сапалы шығуына мұның еш зияны тимейтін секілді. Газеттің мазмұны мен бағытына, тақырып қамтуы мен ұстанған негізгі мұратына «Ақмешіт апталығы» газеті редакциясы өзгеріс енгізбейді. Сонымен көзі-қарақты оқырман қауым, өзіңізбен жаңа жылда қауышып отырған «Ақмешіт апталығы» газетіндегі аз-кем өзгеріске түсіністікпен қарауларыңызды өтінеді» деп жазады.

Жарық көрген жылдардан бастап Сыр өңірінің тұла бойы тұнған шежіресінен ел қорғаған батыр, бір ауыз сөзбен дауды тоқтатқан би-шешендер, қасиетті топырақтан шыққан әулиелер жайында жиі жарияланды. Елге белгілі азамат, ақын-жазушылар, өнер саңлақтары мен жыршы-жырауларға газеттің бірінші бетінен орын берілді. Осылайша жаңа серпіліспен келген басылым барлық газеттерге тән догмалық форматты бұзды. Әдеттегідей бас мақала емес, жоғарыда атап өткендей елге белгілі азаматтармен сұхбат бірінші бетте беріле бастады. Бұл кезең сұхбат жанрының алғы шепке шыққанын байқатады. Бұл өзгеріс тек «Ақмешіт апталығы» газетіне ғана емес, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қазақ журналистикасына тән. «Ақмешіт апталығы» газетінде жарияланған сұхбаттың бір ерекшелігі кез келген кейіпкерінен қазақ тілінің жайы, оның тілге деген жанашырлығы жайында бір сұрақ міндетті түрде болды.

Газеттің бірінші бетінің сұхбатпен басталуын бас редактор Әділхан Бәймен былай деп түсіндіреді: «Бірінші бетте суретпен жарияланатын сұхбат кейіпкерін таңдауға мән береміз. Біріншіден, сұхбатқа шақыратын адамның өзіндік ерекшелігі, айтатыны бар адам болуы керек. Сонда ғана оқылатын сұхбат шығады. Әрине, біз оны бірінші бетке беріп жүрміз. Газеттің сұхбат жанры ойды дәл, анық жеткізе білуге қолайлы деп түсінеміз. Сұрақ батыл тіке қойылса, оған жауап беруші кәсіби тұрғыда нақты жауап берсе, бұл жанрдың айдарынан жел есе береді» дейді. Газетте әрбір нөмір сайын түрлі сала өкілдерімен, уақыт туғызған мәселеге орай тиісті басшылармен және белгілі тұлғалармен сұхбатты бас редактордың орынбасары Аманжол Сақыпұлы жүргізіп отырған.

Газетте сұхбат жанрының алғы шепке шығуы басылымдар үшін жаңалық болғанын белгілі қаламгер Нұрділдә Уәлиев атап көрсетеді: «1994 жылы «Ақмешіт апталығын» ұйымдастырғанда басылым бетінде сұхбат

жанры бірінші кезекте орын алды. Бірінші бетті суретімен жағымды геройға беру, жеке адам жөнінде әңгіме қозғау, сол арқылы қоғам бейнесін беру «Ақмешіт апталығының ұстанымы болды. Ол кезде үлкен етіп бірінші бетке суретімен жариялау сирек еді. Сұхбаттың рөлі өте күшті болды. Редакцияға келушілер көбейді».

Газеттің «Қуақы» айдарын жүргізуге белсене атсалысқан Қазыбек Әшірбекұлы: «Ақмешіт апталығы» – жаңалықтың жаршысы болып, оқырман қауымды еліміздегі әлеуметтік экономикалық жағдаймен, мәдениетпен, әдебиетпен, саясатпен, спортпен, тарихымызбен тұрақты хабардар етіп отырды. Әзіл-оспақ, сын-сықақ та газеттің сегізінші беті «Қуақы» деген айдармен апта сайын үзбей жарық көрді. Мен «Қуақыға» құлшына кіріскеннен кейін бас редактор алғашқыда жарты ставкаға, сәл уақыттан соң толық ставкамен жұмысқа алды. Әр дүниемнің астына Әшірқазы, Әзілқазы, Айқынқазы, Бекқазы, Ақиқаттегі деп жазатынмын. Шымкент қаласында тұратын белгілі сатирик Алпысбай Боранбаевпен хат арқылы хабарласып, дүниелерін «Қуақы» қоржынына қосып жүрдім. Сыр бойының белігілі сатира сарбазы Нұрмахан Елтай газетіміздің белсенді авторларының бірі болды. Бас редактормен ақылдасып, үздік сатиралық шығармаларға бәйге жариялаған кезіміз де болды» деп жазады.

Басылым жарыққа шыққаннан кейін бір жылдан кейін құрылтайшы іздеп шарқ ұруына облыстық тіл басқармасы ғұмырының ұзақ болмауы да әсер етсе керек. Бұл туралы белгілі қаламгер Әскербек Рахымбекұлының естелігіне сүйендік: «Жаңа басқарманың өмірі ұзақ болмады, көп ұзамай жабылды. Басқа облыстардағы осы тектес мекемелер жұмыс істеп жатқанда елден алабөтен біздегісінің белі үзілгеніне жанымыз ауырғанын жасыра алмаймыз. Іштей үгілсе де Әділхан сыртқа сыр алдырмады. Мекеме тарамай тұрғанда жанынан «Ақмешіт апталығы» атты газет шығаруды қолға алған, енді бірыңғай сонымен болып кетті. Бұл аймақтағы бірінші беташар жеке басылым еді» деп жазады.

1996 жылы «Ақмешіт апталығы» газетінің екінші кезеңі басталды. Бар-жоғы бір-екі жыл ішінде сапалы мазмұнымен танылған басылым 1996 жылдан бастап жекеменшік басылым ретінде екінші кезеңге қадам басты. Алайда басылым өз ұстанымынан айныған жоқ. Сол уақыттардағы үдеріске еріп сенсация қуып арзан дүние жариялауға жол бермеді. Жыл өткен сайын мазмұны байи түскен басылым аудиториясы жаспен шектелмеді. Үлкеннің де, жастың да, тіпті саясаткер мен өнер адамының, өндірісші мен ақынның да іздеп жүріп оқитын талғамы жоғары басылым болғанын сол жылдардағы таралымынан байқауға болады.

2004 жылы газеттің бас редакторы Ә.Бәймен дүниеден озғаннан кейін газет жайы қалай болар екен деген сауал шығармашылық ұжымның ғана емес, оқырманның көкейіндегі де сауал болатын. Дегенмен газет жабылмады. «Ақмешіт апталығы» газетінің жарыққа шығуына тер төккен, іргесін бірге қаласқан, кейіннен «Халық» газетін ашып, Сыр журналистикасына тағы бір мазмұнды басылым қосылуына үлес қосқан Аманжол Сақыпұлы газеттің жыл аяғына дейін шығуына көмектесті.

Осы жылдың 5 қарашасынан бастап газеттің бас редакторы міндетін атқарушы болып белгілі журналист, еңбек жолын осы газеттен бастаған, есімі де «Ақмешіт апталығы» газетімен танылған, бұған дейін «Халық» газеті бас редакторының орынбасары қызметін атқарған Нұрлан Көбегенұлы атқарды. Газет жұмысына кіріскеннен-ақ ұстаз есімін ұмытпауды жөн санаған ол басылым арқылы «Әділхан Бәймен атындағы проза, поэзия жанрына қалам тербейтіндерге арналған бәйге жариялады. Ол «Ақмешіт асулардан аса береді» атты оқырманға арнау сөзінде былай деп жазады: «Сыр өңірі баспасөзінде танымдық-ақпаратты басылым «Ақмешіт апталығы» газетінің орны бөлек. Облыста жарық көрген тұңғыш тәуелсіз басылым. Мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мәртебесін нығайтуда алғашқы болып, әрі талай рет мәселе көтеріп, үн қосты. Тілімізді тірілтті, жоғалғанымызға қол жеткізді. Тәуелсіз басылым ретінде елдің іргетасын қаласты. Осыншама қыруар шаруаның басында ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген Сыр бойының азаматы Әділхан Айтмағанбетұлы Бәймен мырза еді. Қазір «Ақмешіт апталығы» Әділхан Бәйменсіз – Әдекеңсіз қалды. Уақыт тек алға жылжиды. Құбылмалы қоғам жақсыны үйретті, жаманынан жирентті. Шәкірттері Әдекеңнен тек жақсылық іс қылуды үйренді. Ұстаздың ісін жалғау – шәкіртке сын. «Ақмешіттің» алғашқы жылдарында бас редактордың орынбасары болған Аманжол Сақыпұлы игілікті істі жалғастыруды қолға алды. Тәуекел кемесінің ескегін қайта қолға алды. Алғашқы еңбек жолым «Ақмешіттен» бастау алды. Үш жыл ішінде Әдекеңнің тәлім-тәрбиесін көріп, шығармашылығым шыңдалды. Қысылтаяң шақта бас редакторлық қызметті маған ұсынып, үлкен жүкті артқан сәтте қарсылық білдіре алмадым. Қараша айынан бастап бүгінгі қаражат қиыншылығын серпіп тастап, «Ақмешітті» оқырмандарымен байланыса беруіне бел байлауды жөн санадық. Басылымның ғұмыры 10 жылмен шектелмейтіндігін біз елге дәлелдегіміз келді».

Бір жылдан кейін де газет жабылған жоқ. Газеттің іргесін қалауға жас маман болып тер төккен, бүгінде «Сыр медиа» ЖШС директоры Аманжол Сақыпұлының көмегімен «Ақмешіт апталығы» газеті бір сәтке тоқтамағаны газет жанашырларының естелігінде жиі айтылады. 2005 жылдың ағлашқы санында сол кезде «Халық» газетінің бас редакторы қызметін атқарған Аманжол Сақыпұлы «Әдекең жаққан от сөнбейді» атты мақаласынан шәкірттерінің ұстаз аманатына адалдық танытқаны сезіледі. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деп жатамыз. Тұл қалған адамың Әдекең емес. Бүгінгі күні алды елуге таяған жорналшы қауымнан бастап Әдекеңді ұстаз санайтындар легі жетіп артылады. Соның бірі біз, Нұрлан екеуміз болатын. Кешегі күні газет Әдекеңсіз қалған тұста аға аманатын жалғастыруды жөн санаған болатынбыз. Осы мақсатты иыққа артқан соң бүгін де тәуекелге бел буып отырмыз. Мақсат – Әдекең жаққан от сөнбесін, Әдекең шығарған газет жойылмасын, асыл ағаның көзі болып оқырманымен қауыша берсін дегендік. Газет басшылығын қолға алған Нұрланның іскерлік қайратына, ерік-жігеріне сенім мол» деп жазады.

Әріптес інілердің бұл ісіне қуанып, тілектестік білдірген газет жанашырлары аз емес. Атап айтқанда, белгілі журналист, дербес зейнеткер Нұрділдә Уәли «Әділхан Бәймен салған жол қайта жанданып жатқанына, оны өз ойлары, айтары бар, қаламы өткір, тәжірибелі, кезінде Әдекеңнің қанатының астында болған інілерінің қолға алғаны көңілге қонымды іс болып тұр. «Газетті жоғалтпаймыз, дамытамыз» дегендерің, бір жағынан адамгершілік, екінші жағынан журналистік қауымдастық деп білем» деп жазса, Қазақстанға еңбек сіңірген өнер қайраткері Қайырбай Зәкірұлы «Әдекең дүниеден мезгілсіз озса да, бастаған ісін аяқсыз қалдырмай, өзі баптап ұшырған қыран құстай жаны сәулелі шәкірттері әрі қарай жалғастырмаққа бел буыпты» деп қуана тілектестігін білдіреді.

2005 жылдан бастап газеттің бас редакторы қызметіне кіріскен Нұрлан Көбегенұлы «Сенім жүгін арқаға арттық» атты оқырманға арнау мақаласында «Әдекең інілері алдында биік. Өзі тәрбиелеген әріптес інілері – «Ақмешіттің» жігіттері Әдекең тіккен шаңырақтың түтінін түтетіп, биіктігін ұлықтай бермек. Біз осылай шештік. «Ақмешіттің» жаңа құрамы жаңа жылдан бастап Әдекең салған ізді жалғастырмақ. Біз сіздермен қайта қауыштық. Алда үміт бар. Сіздердің бізге артқан сенім жүгі бар. Ең бастысы, біз бен сіз үшін маңызды Әдекеңнің шаңырағы – «Ақмешіт апталығы» бар.

Мұнан кейінгі редакторлар Нұржан Нұрмағанбетов, Нағымжан Сауяев та газеттің мазмұнды шығуына үлкен үлесін қосты.

Ширек ғасыр тарихы бар басылымның үшінші кезеңі – «Ақмешіт апталығы» газетінің Қызылорда қаласы әкімдігінің басылымына айналуы. 2011 жылы қала әкімдігі жанынан «Қызылорда медиа» атты кәсіпорын құрылды. Осы кезде газет құрылтайшысының шешімімен басылым қала әкімдігі жанынан құрылған медиа серіктестікке берілді. Бұл шешім «Ақмешіт апталығының» ақпарат айдынында одан әрі қарай еркін жүзуіне жасалған қадам болды. 2011 жылы 27 сәуірде ҚР Байланыс және ақпарат министрлігіне қайта тіркелген «Ақмешіт апталығы» газетінің тарихындағы үшінші кезең басылымның құрылымына да, бағытына да өзгеріс енгізді. Басылым «қалалық қоғамдық-саяси» газет болып өзгерді. Жаңа кәсіпорынның құрылу ісінің басы-қасында жүрген «Қызылорда медиа» ЖШС директоры-бас редакторы Мұрат Жетпісбаев өз естелігінде былай деп жазады: «Қала әкімдігінің жанынан «Қызылорда медиа» атты кәсіпорын құрылды. Айтуға оңай болғанымен жаңа кәсіпорын құру дегенің қазабат шаруа екен. Үш ай табанымыздан тозып, түрлі мекеме араладық. Әкімдік бөлген қаржыға редакцияның бүкіл мүлік-мүккәмалын жаңарттық. Газеттің дизайнын өзгерттік, түрлі түсті форматта шығара бастадық. Қалада атқарылып жатқан жұмыстарды кеңірек көрсету үшін «Бүгінгі мен бұрынғы», «Сырт көз» атты айдарлар енгіздік. Арнайы беттер жасадық. Аз уақыт ішінде тиражымыз 1,5 мыңнан 5 мың данаға дейін өсті».

2014 жылдың қаңтар айынан бастап газет «Сыр медиа» ЖШС қарамағына өтті. Басылымдардың бір шаңырақ астына бірігуі Сыр журналистикасына серпін әкелді. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйінің салынуы, редакциялардың материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілуі газет мазмұнына да оң әсерін тигізді. Сонымен қатар осы уақыттағы атап айтар жаңалық – әр газеттің сайтының жасалуы. Уақыт талабына сай интернет мүмкіндігін ақпарат таратуға пайдалану, сайт жұмысын жүргізу осы жылдардың еншісіндегі жаңалық болғаны анық. Қалалық газет тарихында Кенжалы Ерімбетов, Дүйсенбек Аяшұлы, Әділжан Үмбет, Қаныбек Әбдуовтың редакторлық қолтаңбасы қалды.

Бүгінде қалалық газет ретінде бас шаһардың тыныс-тіршілігін жазумен қатар әу бастағы асыл мұраты – ұлттың үні, ұлттық құндылықтарды насихаттаудан жаңылған емес. Газеттегі «Ақмешіт Қызылорда болғанда», «Тарих», «Атамекен, мен сені білемін бе?» деген айдарлар осының дәлелі.

Газет тігінділерін ақтара отырып, газеттің жарыққа шыққанына бір жыл толуына орай басылымның іргесін қалаған ағалардың: «Біз өз қолымызбен қаладық, иығымызбен көтердік, қол жаймадық...» деп оқырманға сыр ақтарғанын көзіміз шалды. Бұл мазмұнды газет шығару жолында ауыр жүк арқалаған ағалардың кейінгі буынға аманатындай әсер етті, намысымызды қамшылай түскендей.

Гүлмира ДІЛДАБЕКОВА

БИІКСІҢ

(Әділхан Бәйменов жайлы)

Көруші едім інімдей,
Бөтендігің білінбей.
Газетті ашып болғанша,
Жүрдің көзің ілінбей.

Жұмысшының күртесін,
Керзі етігін киіпсің.
Жақсы істің басында,
Соншалықты биіксің.

Елің көріп ісіңді,
Жақсы ойыңды түсінді.
«Ақмешіт апталығы» үшін,
Жұмсадың бар күшіңді.

Соншалықты сүйіп ең,
Тілшілік мамандығыңды.
Жақсы газет тараттың,
Елемей ауыр жүгіңді.

Есімің таныла бастап еді,
Журналист мамандығыңмен.
Халқың да білді оныңды,
«Ақмешіт апталығымен».

Шығып жатыр газетің,
Жақсы істі кім бөгейді?
Бұрынғыдан екі есе,
Таралымы көбейді.

Рысты БЕКБЕРГЕНОВА,
ақын, ардагер-журналист

Басы 1-бетте

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Аймақтағы эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуіне байланысты енді талап та күшейеді. Қазіргі таңда қаладағы мониторингтік топ өкілдері күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Бұл ретте қала әкімінің орынбасары Бектас Нұриддинов халық көп шоғырланатын бірқатар нысанды аралап, жұртшылықты індеттен барынша сақтануға шақырды.

МОНИТОРИНГТІК ТОП: ТАЛАП КҮШЕЙЕДІ

Ахуал күн санап ушықса да жайбарақат қалыпта жүрген жандар бар. Тіпті той жасап, көпшіліктің басын қосу үрдісі де тыйылмай отыр. Қала әкімдігінің баспасөз қызметі берген мәліметке сүйенсек, жыл басынан бері 1500-ге тарта тұрғын үй мен мейрамхананы аралау барысында карантин талабын сақтамай, рұқсат етілмеген іс-шара жасаған 89 жағдай анықталыпты. Оның 54-іне құзырлы орган арқылы әкімшілік шара қолданылған.

Мониторингтік топтың кезекті бақылауы өткен аптада №3 қалалық емхана, мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығы мен «Сбербанк» ғимаратында жүргізілді. Бұл нысандарды аралау барысында біршама олқылықтың орын алғаны байқалды. Әсіресе мекемелердің антисептик орнына суды пайдаланғаны, бетпердесіз режимде жүргені әшкере болды. Өз кезегінде әкім орынбасары мекеме басшыларына қатаң ескерту жасады. Орын алған кемшіліктерді ретке келтіріп, өңірдің сары аймаққа енуіне байланысты сақтық шарасын қатаң сақтау керектігін баса айтты.

«Ақмешіт-ақпарат»

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Шаһар күннен күнге көркейіп, жаңа шағын аудандармен үлкейіп келеді. Есесіне халық жаңадан қоныстанған аумақта бар мүмкіндікті жасау керек. Оның үстіне қаланың ішкі-сыртқы келбеті де арнайы күтімді қажет етеді. Соның ішінде қаладағы жол мәселесі күн тәртібінен түскен емес. «Жол қашан салынады?» деп өз көшесіндегі жол жайын білгісі келетіндер бар. Осы тұста біз де жауапты мекемеге сауал жолдап, жол жөндеу жайын сұрадық.

«Қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы» бөлімінің мәліметіне сүйенсек, өткен жылы қалада 109 көше жөнделген.

– 2020 жылы «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасы аясында республикалық бюджет есебінен қаламыздағы жалпы ұзындығы 75,9 шақырым болатын 109 көше және ұзындығы 3,3 шақырым болатын 2 елді мекеннің кіреберіс жолына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді, – деді бөлім басшысы Біржан Далабайұлы. Жол жөндеу барысында тұрғындар ұсынысы ескеріліп, халық жиі мәселе етіп көтерген әл-Фараби 9, 10, 11, Әшірбеков пен Талап көшелері де бар. Сонымен қатар Бірқазан мен Бәйтерек елді мекендерінің кіре беріс жолдары жөнделді.

Бұдан бөлек қалалық бюджет есебінен ұзындығы 22 шақырым болатын 36 көшеге асфальт төселген. Сондай-ақ қала аумағындағы 36 көшеге жарық бағаналарын орнату үшін қалалық бюджеттен арнайы қаражат бөлініп, биыл да жалғасын таппақ.

Ал биыл қала бюджетінен 67 көшеге қиыршық тас төсеуге қаржы бөлінген.Ендігі кезекте мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, оның нәтижесі күтілуде. Ал жөндеу жұмыстары өткен жылы бастау алған 16 көшеге асфальт төсеу биыл толық аяқталмақ. Мәселен, Қорқыт 6, Ш.Қалдаяқов, Арай, Шұғыла көшелеріне қиыршық тас төселмек.

А.НҰРАЗҒАЛИ
Сурет Н.Нұржаубайдың мұрағатынан

ТАРИХ

ҚАРАҚҰМ КӨТЕРІЛІСІ

1930 жылы шілде айында Айдаров, Қайранбеков және басқалары Төлебаев Мыхымбайдың баласын сүндетке отырғызу тойын пайдаланып, жиналған жұрттың келісімімен батыр Жұбанов Қожбанды хан сайлаған. Оған ауыл ақсақалдары мынандай міндет жүктеген.

1. (Біріншіден) – Ә.Жангелдин басқарған мемлекеттік комиссиясының алдына қойылған 11 пункттен тұратын Жұмағазы Бәйімбетовтің талаптарын жүзеге асыру.

2. (Екіншіден) – Қарақұм жеріне келген қызыл әскерге қарсы тұрып, жеңіске жеткенше күресу.

Батыр Қожбан өзіне кеңесші етіп торғайлық Махамбетов Әшірбекті, тереңөзектік Рамазанқұлов Міреліні және қармақшылық Жанбосынов Қабылды тағайындаған. [Ә.Бәкірұлы. Мұстафа Шоқай (деректі хикаят) – Алматы, «Бастау», – 1997. – 148 б].

Сосын барып Қожбан батыр елден аң аулайтын мылтықтар жинап, мергендерін қаруландырған. Сөйтіп, сарбаздарының санын екі мыңға жеткізген. Кеңес өкіметі 1930 жылы тамыз айында оларға қарсы Біріккен Саяси Бас басқармасының оперативтік топтарымен қоса пулемет, винтовка және гранаталарымен қаруланған арнайы дивизион жіберген. [Ә.Бәкірұлы. Мұстафа Шоқай (деректі хикаят) – Алматы, «Бастау», – 1997. – 139 б].

Айта кеткен жөн, аталған шаруалар көтерілістерін басуға қатысқан жазалаушы әскер бөлімдері де болғанын ресми құжаттардан белгілі. Олар: 8-ші атты әскер дивизиясының 43-ші, 44-ші және 45-ші атты әскер полктері, осы дивизияның байланыс мектебі, ұлттық атты әскер эскадроны, ОГПУ әскери отрядының 62-ші дивизионы, жеке байланыс эскадроны, атты-таулы батарея, атты-саперлік эскадрон, 8-ші атты-артиллериялық дивизион, 38-ші атты-артиллериялық дивизион, Орта Азия әскери округінің радиостанциясы, химиялық бөлімі, Қарсақпай коммунистік отряды. [Т.Омарбеков. Қазақстандағы халық наразылығы қалай жазаланды? 1930 жыл: «Ақиқат». – №2. – Ақпан. – 1993. – 52 б.].

Бұлар таяқ, найза, шоқпар және жарым-жартылай аң аулайтын мылтықтарымен қаруланған батыр Қожбан ханның сарбаздарымен 1930 жылдың желтоқсан айына дейін Қарақұмда бірнеше рет ұрыска түскен. [Ә. Бәкірұлы. Мұстафа Шоқай (деректі хикаят) – Алматы, «Бастау», – 1997. – 139 б].

21 тамызда көтерілісшілермен қақтығыстар кезінде, 9 қызыл әскер өліп, 4-і жараланды.[Т.Омарбеков. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы, Санат, 1997. – 150 б].

Батыр Қожбан ханның мергендерінің ішінде, Сыр бойында белгілі әулет Созақбай батырдың баласы Қашақ мерген де болған. [Бақытжан Ахметбектің дерек қорынан]. Дерегімізге қоса мынадай дәлелді мәлімет бар: – «Созақбайдың Қашақ деген баласы кешегі Арқада, Қарақұмда болған ұлт-азаттық соғыста, Алтын Қожбан ханның мергені болып орыстарға қарсы соғысып, орыс полковнигімен қылыштасып, полковникті өлтіреді. Өзі құлағынан жараланып үйіне келеді. Салбырап төменгі ұшына ілініп тұрған құлақты тоғыз жасар Нақап інісінің баласы Қасымханға ұшынан ұстатып бәкімен өзі құлақты кесіп алады» [Қ.Нақыпұлы. Кіші жүз 12 ата Бай баласы Алтын шежіресі. – Қызылорда. «Қызылордаполиография», – 2003. – 296 б].

Кейін Қашақ мерген Созақбайұлы ұсталып 5 жылға бас бостандығынан айырылып жазаланады [Ә.Бәкірұлы. Мұстафа Шоқай (деректі хикаят) – Алматы, «Бастау», – 1997. – 161 б].

Мергендерінің ішінде Әбдіраман мерген де болған. Бұл кісі қолға түскеннен кейін Қарауылтөбе ауылының маңайында атылады.

Ақыры, 8 желтоқсанда Сарысу жерінде екі тәулік бойы қарсылық көрсеткен көтерілісшілерді талқандайды. [Ә.Бәкірұлы. Мұстафа Шоқай (деректі хикаят) – Алматы, «Бастау», – 1997. – 139 б].

Көтерілісшілер мен Кеңес үкіметі әскерлерімен болған шешуші шайқас 1930 жылы 8 желтоқсанда Көжебай сайында болды. Көтерілісшілер күші тең емес ұрыста талқандалды. Қожбан батыр бастаған 24 көтерілісші алғаш қашып шыққа да көп кешікпей-ақ, Сарысу ауданы жерінде қолға түсті. Қарсыласу кезінде олардың 4-і өлтірілді. [Т.Омарбеков. Қазақстандағы халық наразылығы қалай жазаланды? 1930 жыл: «Ақиқат». – №2. – Ақпан. – 1993. – 52 б.].

Осыдан кейін Сыр бойында болған көтеріліске қатысқан халықты жазалау басталды.

Тергеу ісі бойынша 400-ден аса адам қамауға алынған. Алдын ала тергеу барысында 195 адам қылмыстық әрекеттері дәлелденбеген соң жауапкершіліктен босатылған. Қалған 220 адамға мемлекетке қарсы қылмыс жасағаны үшін айып тағылған. Тергеудің аяқталуына санаулы күн қалғанда процессуальдық тәртіпке сыймайтын жолдармен қосымша тағы 7 адамды жауапқа тартқан. Барлығы 227 адам соттан тыс Біріккен Саяси Бас басқармасының Үштігімен 1930 жылы 19 қазанда жазаланған. Оның ішінде 118 адам ату жазасына кесілген, 108 адам бас бостандығынан айырылып, әртүрлі мерзімге концлагерьлерге жіберілген. [Ә.Бәкірұлы. Мұстафа Шоқай (деректі хикаят) – Алматы, «Бастау», – 1997. – 140 б].

Әмірхан Бәкірұлының 1997 жылы Алматы қаласы «Бастау» баспасынан шыққан Мұстафа Шоқай (деректі хикаят) атты кітабында атылған адамдардың тізімінде Сыр бойында белгілі әулет Медет батырдың баласы Сүйінқара батырдың інісі, елге беделді Шоңмұрын бай және оның ержүрек баласы Қайраш бар.

Қарт Шоңмұрын бай 1930 жылы Қызылорда қаласының түрмесіне қамалғаны рас, бірақ атылған жоқ, өз өлімімен дүние салады, өйткені түрмеден әкесінің сүйегін алуға Қармақшыдан 1905 жылы туған Сақып деген баласы және оның досы, шөбере бауыры, құрдасы, атақты Уәлі бидің немересі Уәлиев Ахметбек Байұзақұлы (1904-1973) келіп, түрмеден Шоңмұрын байдың сүйегін алып, Қызылорда қаласына жерлейді. Сақып пен Ахметбек бұл кезде 25 жастағы жігіттер болған. Енді ойға келесің, неге Сақып Шоңмұрынұлы түрмедегі ағасы Қайраштың да сүйегін алып шықпаған? Жауабы – түрмедегі атылғандарды бір жерге тастайды, жерлейді, олардың сүйегін туысқандарына бермейді, яғни Қайраш атылған, сондықтан ол кісінің есімі атылған адамдардың ішінде, ал Шоңмұрын бай түрмеде қайтыс болғандықтан, ол кісінің де есімін атылған адамдардың тізіміне қосқан. Шоңмұрын байдың екінші баласы Сақып досы әрі шөбере бауыры Ахметбек Байұзақұлының үйіне соғып, Қызылорда қаласының түрмесінен әкесінің сүйегін алып шығуға кетіп бара жатқанын Ахметбек Байұзақұлының зайыбы Айымкүл Жүргенбайқызының (1910-1998) естелігінде айтып кеткен. Кейін Ұлы Отан соғысында Шоңмұрын байдың баласы Сақып ерлікпен қаза болады. [Бақытжан Ахметбектің дерек қорынан].

Бес жылға сотталғандардың ішінде Уәлі бидің немересі Байзақов Әбдірәсіл Байұзақұлы (1892-1955) болған. Байзаков Әбдірәсіл Жосалыда қызметте болған. Бұл кісі Семей қаласына сотталып кеткен. [Бақытжан Ахметбектің дерек қорынан].

Байзақ би (Байұзақ) Уәлі би баласы (1867-1943) 1932 жылы сотталып, Ырғызға жер аударылып көшірілген. Содан бері 89 жыл өтті әлі ақталған емес. Ұрпақтары Алматы, Нұр-сұлтан, Қызылорда, Тараз, Шымкент, Қармақшы ауданында абыроймен өмір сүріп келеді. Тек Кеңес үкіметі, кейін ҚР-нан ақталды деген арнайы құжат алған емес. Байзақ бидің (Байұзақ) бейіті Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Қорқыт ата қорымында орналасқан.

Әмірхан Бәкірұлының 1997 жылы Алматы қаласы «Бастау» баспасынан шыққан Мұстафа Шоқай (деректі хикаят) атты кітабында бес жылға бас бостандығынан айырылған адамдардың тізімінде есімі бар. [Ә.Бәкірұлы. Мұстафа Шоқай (деректі хикаят) – Алматы, «Бастау», – 1997. – 160 б].

Сыр бойы сүлейлерінің арасында шоқтығы биік тұлғалардың бірі – Сейітжан сал Бекшентайұлы (1874-1938). Қарақұмдағы көтерілісшілерге дем беруші деген жаламен 1937 жылғы желтоқсанның 18-де қамалып, алдымен 10 жылға сотталады. Кейіннен ісі қайта қаралып, 1938 жылғы ақпанның 16-да атылады. Содан ол 51 жылдан соң, 1989 жылы ақталып, өлеңдері баспасөз беттерінде жариялана бастады. [Т.Дайрабай. Сыр сүлейлері. Сейітжан ақын мен Жорықбай жырау. Алматы. «Арыс», 2006. – 7 б].

1930 жылы көтерілісшілерді жақтап, оларға рух беріп жырлаған өлендері де баршылық. Соның бірі:

«...Oh, дарих, амал нешік,
Қашып кірер барма тесік.
«Прием» деп ашшы есік,
Қалай болар заман алда», – деп

айтқан екен [Т. Дайрабай. Сыр сүлейлері. Сейітжан ақын мен Жорықбай жырау. Алматы. «Арыс», 2006. – 10 б].

Сол қанды оқиғаларға биыл, 2021 жылы 91 жыл толып отыр. Сыр бойындағы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан қазақтың ардақты ұлдары елі үшін, ислам діні үшін, ар-намысы үшін жанын пида еткен ерліктері еш уақытта ұмытылмауы тиіс.

Уақытында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: – «Бабаларын қалтқысыз қастерлей алған халық балаларының болашағын да қапысыз қамдай алмақ» деген емес пе. Демек, біз кейінгі ұрпақ қазақ деген намыссыл халық екенімізді биік ұстап, тарихымызды қастерлеп, Қарақұм көтерілісіне қатысқан аталарымыздың нағыз батыр екенін біліп, мақтан тұтуымыз керек.

Бақытжан АХМЕТБЕК,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы

Соңы. Басы өткен санда.

ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ

Ал «Қазақстан халықтарына» келсек, базбіреулер оны көптік жалғауды орынсыз қоса беретін тіл балдырбатпағындағы «шаштар», «құмдар» т.б. нұсқадағы сөздермен қатар қоюы мүмкін. Біздіңше, бұл «шиқылдың» жөні бөлек. Дәлірек айтсақ, осы жолы бұлақ бастан лайланып, құжатты алғаш орысша даярлайтын супердәстүрден кінарат кеткен. Құдайшылығын айтыңызшы, бірнеше республикасы яки субъектісі бар солтүстік көршімізде – «народ России», ал бізде әлі күнге жоғарыдағыдай айтылып қалады. Қайсысы жөн?..

Ішкі бір ойымыз бұлқынады: бәлкім бұл әлдекімдердің әдейі жіберген қатесі шығар деп. Әлбетте, жақсы ниетпен дей алмаймыз. Ол мифтік әлдекім Қазақстан халқының бір күшке жұмылғанына, бір деммен тыныстағанына, көтерілсе – қыран, түйілсе ұлан болатынына тіпті мүдделі емес. Айтпақшы, Алаш қайраткері Қошке Кемеңгерұлы біз бүгін ұмытқан «сұмырай» деген мифтік бейненің мәнін қағазға түсіре кеткен екен. «Бұл мифтік мақұлықтың басы – адамдікіндей, денесі хайуандікіндей деседі халық. Сұмырай, ел нанымынша, құрғақшылық алып келеді». Біз, сөз жоқ, әлгіндей сұмырай ниеттегілердің «болмасын» дегені жүзеге аспайтынына сенеміз. Жамандықтың нышанын кір шалмаған ұлт тарихы ғана емес, жаңа елдігіміздің рәмізі мен беделабыройы-ақ ұшықтайды деп есептейміз.

Сонымен, біз Қазақстан халқы екенбіз. Жаратқан осыны бұйырыпты. Ал ғылым тілімен айтсақ, Қазақстандағы этностардың басын біріктіретін ұйымды қалай атауымыз керек? Осы туралы зиялы қауым ойланды ма екен? Толғанбай жүр дей алмаймыз. Бірақ мимырт ой жорға ойды қозғағанша, жорға ой жүйрік ойға қамшы салғанша, Ассамблеяның тәуелсіздік талабына сай ныспысын Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап жіберген. Ол кісі 2000-жылдары әдеттегідей сабыр сақтап, «осылай десек қайтеді?» деді, айтулы шараның қарсаңында.

Зиялы қауым, әсіресе ата жұрты қиырдағы зиялы қауым ләм-лим демеді. Әлбетте, Халық кеңесі алғаш әлімсақтан ұлт боп ұйысқан қазаққа емес, Қазақстан халқы дегеннен өркендеп өсіп шығып, мемлекеттік ұлт болуға мүдделі, сайда саны, құмда ізі бар, Алаш жерінде тағдыр қосқан этностарға қажет еді. Бұған көп тамырымыздың басы ауырмады.

Сонда біз аз-кем ойланып қалдық. Атау туралы жүйелі ұсыныс жерде қала ма деп. Естеріңізде шығар, 1995 жылы Конституцияның жаңа нұсқасы жоба ретінде халыққа ұсыныларда, Президент Н.Ә.Назарбаев БАҚ-та «Қазақ Республикасының Конституциясы болады. Республика аты қосалқы түрде Қазақстан деп те атала береді» деген-ді. Бұл – сарабдал пайым еді. Неге? Төрелігін өзіңіз айтыңыз, ұлт десе қылышынан да, қынабынан да қан тамған кеңес тұсында Қазақстанымыздың ресми аты «Қазақ Советтік Социалистік Республикасы» болатын. 1991 жылдың тамызынан кейін совет те, социалистік те келмеске кетті. Өткен саяси-қоғамдық құрылыстың саяси терминдерімен заңды түрде қоштастық. Бұған БҰҰ да, біз де риза-тынбыз. Енді өзінен-өзі «Қазақ Республикасы» болып қалуы керек еді ғой. Алайда өкінішке қарай, бұйырып тұрған атауды мифтік кейіпкерлер бұйыртпады. Құдай ұрғанда, Қазақстан Жоғарғы Кеңесінде қазақ депутаттары жапа-тармағай «Қазақстан Республикасын» дәлелдеп, қолдап сөз сөйледі. Нәтижесі көз алдарыңызда: шетел барсаңыз, ондағы қайманалар сүйікті еліміз туралы «Қазақстан? Ауғанстан, Пәкістан! Қазақстан!» деп жатады...

Парламентте ойланбай тоқтам жасағандардың логикасы туралы «неден кетті?» деп, қам жеп жүруші ек. Осыдан біраз бұрын соның сырын сол кезде депутат болған Мұрат Әуезов мырза жақсылап ашып берді. Орысша хабарда Мәкең: «Біз республика сөзіне акцент бердік. «Республика Казахстан!». Біз тарихта тұңғыш рет берілген тарихи мүмкіндікті орнымен пайдаландық» деді. Бәрі дұрыс. Кінарат – орысша ойлауда екен! Енді расында аспаннан шұға жауып, республикаға акцент бергендер «Республика Казах(ов)» дей алмайды ғой. «Мені құртқан Көкшолақ» екен! Бүлдірген – ұлт жанын, ұлт сөзін түсінбеу екен! Мұрат мырза кешірсін, қазақ сөзінің әрін келтірген, қазақ сөзіне нәр берген Мұхтар Әуезовтер мұндайға жол бермес еді. Ешқашан да!..

Президент тірілткен Халық кеңесі идеясына байланысты әңгімені біз неге «Қазақстан Республикасына» апарып ұштастырдық. Әрине, қателік сабақ болсын дедік. Абайлауды нұсқадық. Әйтпесе Халық кеңесінің де тағдыры толғамалы боп кетуі ғажап емес.

Несін жасырайық, біраз замандас Халық кеңесінен советтік лепті сезінеді. Осындай көзқарастың кесірінен кезінде Парламенттің «Халық кеңесі» газеті бұл атаумен шықпастай боп жабылды. Сөйтіп тәуелсіз елімізде тегі жапжақсы «Халық кеңесі» брэнді көзден бұл-бұл ұшты.

Сонда дейміз-ау, халықта қан болмай ма, сөз қадірін сезінетін жан болмай ма? Асан қайғының Жәнібек ханға кеңес туралы жиі ой тастауы бекер ме! Жиембет жыраудың Есім ханға айтқанын еске түсірейікші:

«Ертеңгі күн болғанда,
Халқың кеңес құрғанда,
Айналып ақыл табарға
Есіктегі ебесін
Сонда ханым не десін?»

Көріп отырғандарыңыздай, қазақ совет өкіметіне дейін кеңесті білген һәм елдік дәрежеде кеңесе білген.

Дұрыс, Ассамблеяның атын Халық кеңесі деп өзгерттік делік. Сонымен іс біте ме? Сөз жоқ, келешек Халық кеңесіне жүйелі басшылық, мемлекеттік мүддеге сай іс-әрекет қажет.

Мәселен, түрлі мәдени шараларда Қазақстан этностарының тек қана сыртқы костюм мен ұлт тамақтарын насихаттауы кейде сын көтермей жатады. Неге? Біріншіден, біз Қазақстанда түген ұлттың костюмі деп жүргеніміз сол ұлттың тарихи отанына барсаңыз, басқаша болып шығып жатады. Екіншіден, «базардағы кәріс салаты Кореядағы кәріс салатына қоңсы емес» дегендей, ауқат-дәмде де басаяғы ауысып жүрген жайлар аз емес. Енді не істемекке керек? Біздіңше, Қазақстан халқы болуға түбегейлі шешім қабылдаған этнос өкілі әрі-бері елеңдемей, Отанын рухани тұрғыдан байытуға жұмылуы тиіс. Ән айтып, би билеуден бөлек, өз ұлтының ой олжалаған, қалам ұстаған мықтыларын қазақша сөйлетуге мұрындық болсын. Ол, әрине, алғашында пышақтың қырындай кітапша болар, шағын топтама болар. Бірақ бұл бірте-бірте жалғасын табады. Кем толады, аз көбейеді. Шекаралар бекемделіп, барыс-келіс азайған заманда бұл шара қазақты да байытады, жусанға ұқсас шөбін сағынып отырғандардың мауқын да басады. Мемлекеттік тілді оқуға құлшынып кеткен тамырларымыз бен олардың балаларын айтып отырмыз. Маржани, Ғаспыралы, Фитрат, Чолпан, Авлони, Толстой, Чехов, Бунин, Есенин, Булгаков, Платонов, Тыныстанов, Зәки Уәлиди, Караханов, Карачев, Тахир, Зергяр, Мехди Гусейн т.б. қазақша сөйлесе, адамзат иманына қайшы ма? Бұлардың біразының кітабы қазақ тіліне бұрын да аударылғанын білеміз.

Халық кеңесінің бұдан басқа да қоғамды, мемлекет мағынасындағы ұлтты яки қандасты да, тамырды да тілектес деп бауырына басқан Алашты ұйыстыра алатын күші бар. Сондықтан да оның аты – Халық кеңесі. Дәстүрі терең, пейілі таза, мүддесі айқын Халық кеңесі.

Басы 1-бетте.

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,
Л.Н.Гумилев атындағы
ЕҰУ проректоры, ҚР ҰҒА академигі

ҮЗДІК ҰСТАЗ

БАПТАҒАН ШӘКІРТТЕРІН БАЛА ЖАСТАН

«Бір арман жетеледі бала жастан,
Тәтті еді-ау сол әлдиім әуел бастан.
Ең алғаш ұстаз алдын көрген күні,
Мұғалім болам дедім ойланбастан».

Бұл – қаладағы үздік ұстаз, №10 Білім-инновация лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Нағиша Есбосынның ең алғаш мектеп табалдырығын аттаған кезде ойға алған мақсаты мен бала арманынан туындаған жыр шумағы. Арман алдамайды дейді. Ұстаз болып, сол жолда адал қызмет етуді кейіпкеріміз о бастан-ақ көңілге нықтап тоқыса керек. Бүгінде 50 жыл бұрынғы арманы 35 жылдық тәжірибеге ұласып аймақтың мақтан тұтар мұғаліміне айналған.

Ауыл қызы 8 сынып бітірісімен арман қуып, қалаға келеді. Мақсаты мұғалім мамандығы бойынша оқуға түсу болатын. Қазіргі М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжіне құжат тапсырып, бастауыш сынып мұғалімін даярлау бөліміне оқуға қабылданады. Оқу бітіргесін еңбек жолын Қазалы ауданындағы №249 мектепте тәлімгер, бастауыш сынып мұғалімі қызметінен бастаған. Кейіпкеріміздің мамандығына деген адалдығы оның ізденісін арттырып, өзін жаңа қырынан көрсетуге жол ашты. Осылайша білімі мен білігінің арқасында білім саласының түрлі сатысынан өтті. Кейін Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітіріп, жоғары білімді маман атанды. Одан кейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы «Қабілет» гимназиясында сабақ береді. 2012 жылдан бастап №10 білім-инновация лицейінде еңбек етуде.

– Мен үшін мұғалім – мамандықтың төресі. Ақын М.Жұмабаевтың «Алты Алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдікі» деген нақылы текке айтылмаған. Мен балалардың ортасында бақыттымын. Тіпті өзімді басқа сала маманы ретінде елестете алмаймын. Мектепке келгенше асығып, шәкірттеріме жаңа, тың дүниелерді үйреткенді жақсы көремін. Білім саласында абыройлы еңбек етуімнің бірден-бір себебі осы шығар деп ойлаймын, – дейді Нағиша Есбосын бізбен әңгімесінде.

Білікті маманға сұраныс қашанда жоғары. Кейіпкерімізге де талай мәрте лауазымды қызмет ұсынылыпты. Алайда әу бастан қарапайым мұғалім болуды ұстаным еткен оған мұнан артық қызметтің қажеті болмады. Өйткені «шәкіртсіз ұстаз – жетім» деп түсінеді.

– Мұғалім мамандығына адал болу керек. Алдында отырған әр оқушыны жақсы көруі тиіс. Оның жақсы көргенін бала сезеді. Ұстаз бен оқушы арасындағы жақсы қарым-қатынас солай қалыптасады. Кейбір мұғалімдер баланы қаталдықпен, бағамен бағындырамыз деп ойлайды. Бірақ мейірімділік басты орында болуы қажет деп ойлаймын. Мен әр сабақтың өз «тағдыры» бар деп айтамын. Себебі сабақ барысы әр сыныптағы оқушының көңіл-күйіне байланысты жүргізіледі. Оқушының қабілеті, жаңа сабақты қабылдау деңгейі ескерілуі керек. Бүгінгі жас мамандар да осындай болса деймін. Жаһандану заманында көштен қалмай, жаңашылдыққа бейім болса екен. Қазіргі оқушылар заманына сай бәрін игерген. Мұғалім де шет қалмай, олардан көш ілгері болғаны дұрыс. Көп ізденіс жасаған мұғалім ұстаз деңгейіне жете алады, – дейді кейіпкеріміз.

Иә, мұндай қасиет әрбір мұғалімнің бойынан табылуы керек-ақ. Ұстаздық етуден жалықпаған Нағиша Есбосынның еңбегі еш кеткен емес. Ол өзін бақытты ұстазбын деп есептейді. Ал ел алдындағы еңбегің еленсе тіпті керемет емес пе?! Кейіпкеріміз талай марапат биігінен көрінген жан. Десе де оған «Облыстық білім беру ісіне қосқан үлесі үшін» медалін кеудесіне тағып, үздік ұстаз атануы қоғамның, оқушылардың алдындағы жауапкершілігін екі есе сезіндіре түсті.

Айдана СЕЙІЛ

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242) 27-02-59 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

ЕСІРТКІ ЗАТТАРЫН ӨТКІЗБЕК БОЛҒАН...

Қызылорда облысы ПД-ң есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы жүргізген жедел іздестіру іс-шараларының нәтижесінде 49 жастағы қала тұрғыны есірткі затын сату кезінде ұсталды.

Тағайындалған сараптаманың қорытындысына сәйкес ерекше иісі бар өсімдік тәріздес зат табылған. Оның салмағы 2,27 гр «кептірілген марихуана» болып шыққан.

Күдіктінің тұрғылықты жеріне тінту тергеу әрекетін жүргізу барысында үйінен газет қиындысына оралған 3 дана есірткі заттары алынған.

Күдікті қамауға алынған. Қазіргі уақытта аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 297-бабы 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

ПӘТЕРГЕ ҰРЛЫҚҚА ТҮСКЕН

Қызылорда қалалық полиция басқармасының кезекші бөліміне қала тұрғыны арызданды. Жәбірленушінің айтуы бойынша ұры үй иелерінің жоқтығын пайдаланып, темір есігін бұзып ашып кіріп, шкаф ішінен 7 дана алтын алқа, 2 дана алтын білезік, 9 дана алтын сырға, 3 дана алтын сақина, күміс бұйымдарын және әмиянынан қаржысын қолды еткен.

Жәбірленушіге келтірілген материалдық шығын 2700000 теңгені құрайды.

Қызылорда қаласы полиция басқармасы қызметкерлері жедел-іздестіру шараларын жүргізді. Нәтижесінде «ізін суытпай» 30 жастағы бұрын сотты болған, қала тұрғыны күдікті азамат ретінде тәртіп сақшыларының қолына түсті. Жәбірленушіге ұрланған заттары толықтай қайтарылды.

Күдікті қамауға алынды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабының 3-бөлігінің 3 тармағы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

ҮШ ЖЫЛ БҰРЫН ЖОҒАЛҒАН АЗАМАТ ТАБЫЛДЫ

Қызылорда облысының тұрғыны 2018 жылы 48 жастағы туған інісінің үйінен белгісіз бағытқа шығып кетіп, қайта оралмағаны туралы іздестіру жұмыстарын жүргізуді сұрайды.

Дерек бойынша сол уақытта іздестіру ісі басталады. Жедел-іздестіру жұмыстары жүргізіледі. Қармақшы аудандық полиция бөлімінің криминалды полиция бөлімшесінің жедел уәкілдерімен жүргізілген тынымсыз іздестіру жұмыстарының нәтижесінде іс-түзсіз кеткен азамат Түркістан облысынан табылды.

Қазіргі таңда ол Қызылорда облысына жеткізілген. Белгілі болғандай жүйке ауруымен ауыратын бұл азамат бұрында үйінен кетіп қалып жүрген.

АЛАЯҚ ӘЙЕЛ ҰСТАЛДЫ

Қызылорда қалалық полиция басқармасына тұрғындар арыз түсірген болатын. Белгілі болғандай, өткен жылдың желтоқсан айында белгісіз біреу үш азаматшаны алдау арқылы несие алдыртып 2500000 теңге көлемінде материалдық шығын келтірген.

Көп ұзамай жәбірленушілер алаяқтан ақшасын қайтаруды талап етеді. Алайда ақшасын алдау жолымен иемденген алаяқ қаражатты қайтаруға асықпады.

Жедел-іздестіру шараларының нәтижесінде 1987 жылғы қала тұрғыны ұсталды. Ол өз кінәсін толықтай мойындады. Алаяқтың өзге де қылмыстарға қатыстылығы анықталуда.

Күдіктіге қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Күдікті уақытша ұстау изоляторына қамауға алынды.

«Ақмешіт-ақпарат»

«Вакцина салу, ПТР-тест оразаны бұзбайды»

– Болатбек Ұласқанұлы, қазіргі кезде ең көп қойылатын сұрақ пандемияның оразаға ықпалы төңірегінде болуда. Сондықтан алғашқы сауалды вакциналауға қатысты қойсақ. Жалпы Рамазан айына дейін вирусқа қарсы екпе салған немесе екпенің салдыруға міндетті екінші бөлігі оразаның орта тұсына сәйкес келетін азаматтар ораза ұстай берсе бола ма?

– Шариғат бойынша кез келген нәрсе табиғи жолдар (ауыз, мұрын, тік ішек) арқылы ішке кірсе, оразаны бұзады. Ал дене арқылы кірсе, оразаны бұзбайды. Демек екпе терінің астына бұлшықетке салынса, ораза бұзылмайды. Жалпы, пенициллин, инсулин, вакцина, ауырсыну мен қызуды басатын препараттар мен дәрумендер қолданылған жағдайда ораза бұзылмайды. Қазір ислам ғалымдарының көбісі екпе арқылы денеге салынатын дәрі-дәрмекке ем және адам ағзасына қажетті энергия ретінде қарайды. Яғни, тері астына және бұлшық етке емделу үшін ине салса, ораза бұзылмайды.

– Ораза кезінде ПТР-тест тапсыруға бола ма?

– Әрине, ауыз бекіткен адам ПТР-тест тапсыруына болады. Бұл әрекет оразаны бұзбайды. Өйткені тест құрғақ күйінде тамақтан және мұрын қуысынан алынады. Ішке қарай ешқандай дәрі немесе сұйықтық өтпейді.

– ҚМДБ ауызашар өткізу, тарауих намазын жамағатпен оқу тәртібін бекітті ме?

– Биыл да еліміздегі эпидахуалдың күшеюіне байланысты ҚМДБ Рамазан айында өңірлердегі діни рәсімді өткізуді үш түрге бөлді. Яғни, «жасыл», «сары» және «қызыл» аймақтардағы діни рәсімдер.

Атап айтар болсақ, «жасыл аймақтағы» елді мекендерде тарауық намазының оқу үшін мынадай талапты сақтау қажет: санитарлық талаптарды сақтау, қысқа сүрелер оқу; ауа райы қолайлы аймақтарда мешіт ауласында өткізу;. мешіт дәретханаларын қолдану барысында арақашықтықты және сантитарлық талаптарды сақтай отырып тез дәрет алу.

«Сары аймақтағы» елді мекендерге тарауық намазын оқуға қойылатын талаптар: тарауық намазында санитарлық талаптарды сақтау, қысқа сүрелер оқу, ауа-райы қолайлы аймақтарда мүмкіндігінше мешіт ауласында өткізу.

Ал «Қызыл аймақтардағы» орналасқан мешіттерде уақытша жамағатпен тарауық намазы оқылмайды.

«Жасыл аймақтағы» елді мекендерде толтырылуы 30 процент, бірақ 50 орыннан аспайтын жағдайлар сақталған кезде ауызашар өткізуге болады. Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің №68 Қаулысында қоғамдық тамақтану нысандарында еске алу мен құдайы өткізуге рұқсат берілгеніне қарамастан, ауызашарды мүмкіндігінше отбасы ортасында өткізуді ұсынамыз. «Сары аймақтағы» және «қызыл аймақтағы» елді мекендерде ораза ұстаған адамдарға мүмкіндігінше ауызашар қоржынын жеткізіп беру арқылы ұйымдастырған абзал.

– Кімдер пітір садақаны мөлшерінен артық береді?

– Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы биылғы пітір садақаның мөлшерін екі келі ұнның бағасы көлемінде бекітті. Ол 420 теңгені құрайды. Бұл – пітір садақаның ең төменгі мөлшері. Сондықтан жағдайы бар азаматтар пітір садақаны мейіздің немесе құрманың бағасымен бере алады. Қазіргі кезде екі келі мейіз 3 580 теңге тұрады. Сондай-ақ 4 келі құрманың құнымен беруге болады. Оның бағасы – 7 300 теңге.

– Қасиетті Рамазан айында ораза ұстауға ниетті жандарға берер кеңесіңіз бен айтар айтар лебізіңіз?

– Рамазан – мейірімділіктің, қайырымдылықтың, сабырлықтың, кешірімділіктің, тақуалықтың және нәпсіні тәрибиелеу, өз-өзіңе есеп беру айы. Сол себепті аймақ тұрғындарын мол мүмкіндік айын тиімді пайдаланып, игі істерде жарысып мол сауапқа кенелуге шақырамын. Сонымен қатар дәл қазіргі қиын жағдайда біреуге кесіріміз бен зиянымыз тимей, ауруды жұқтырмай өзімізді сақтауымыз қажет.

Сондықтан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бекіткен талаптағы сақтық шараларға терең түсіністік танытып, оларды қатаң сақтауға шақырамыз. Бізге қазір сабырлық пен темірдей тәртіп қажет екендігін бүгінгі жағдай көрсетіп отыр. Бұған баршамыз көз жеткіздік.

Дана халқымыз: «Саулық сақтықта» деген нақыл сөзді бекер айтпаған. Бабаларымыздың асыл сөзі біз үшін үлкен өнеге, рухани азық. Алла Тағала мың айдан да қайырлы болған қасиетті айда ұстағалы жатқан оразаларымыз бен құлшылық-ғибадаттарымызды қабыл етіп, екі дүние бақытына бөлегей! Берекелі айда халқымыздың ынтымақ-бірлігін арттырып, ырысын молынан еткей! Рамазан айын бізге өлі разы болатындай пайдалы өткізуді жазсын!

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан **Ерсін ШАМШАДИН**

muftyat.kz

Рамазан

Қызылорда қаласы

2021 МДБ

хижри 1442 жыл

QR-код арқылы Рамазан парақшасына өте аласыздар

Рамазан айы	Апта күндері	Сәуір және Мамыр	Таң (Сәрені бітетін уақыты)	Күннің шығуы	Бесін	Екінті	Ақшам (Ауызашар уақыты)	Құптан
1	Сейсенбі	13 Сәуір	04:31	05:54	12:41	17:24	19:24	20:47
2	Сәрсенбі	14 Сәуір	04:29	05:52	12:41	17:25	19:25	20:49
3	Бейсенбі	15 Сәуір	04:27	05:51	12:41	17:25	19:26	20:50
4	Жұма	16 Сәуір	04:25	05:49	12:41	17:26	19:27	20:52
5	Сенбі	17 Сәуір	04:23	05:47	12:40	17:27	19:29	20:53
6	Жексенбі	18 Сәуір	04:21	05:45	12:40	17:28	19:30	20:55
7	Дүйсенбі	19 Сәуір	04:18	05:44	12:40	17:29	19:31	20:57
8	Сейсенбі	20 Сәуір	04:16	05:42	12:40	17:29	19:32	20:58
9	Сәрсенбі	21 Сәуір	04:14	05:40	12:40	17:30	19:34	21:00
10	Бейсенбі	22 Сәуір	04:12	05:39	12:39	17:31	19:35	21:02
11	Жұма	23 Сәуір	04:10	05:37	12:39	17:32	19:36	21:03
12	Сенбі	24 Сәуір	04:08	05:36	12:39	17:32	19:37	21:05
13	Жексенбі	25 Сәуір	04:06	05:34	12:39	17:33	19:39	21:07
14	Дүйсенбі	26 Сәуір	04:04	05:32	12:39	17:34	19:40	21:08
15	Сейсенбі	27 Сәуір	04:02	05:31	12:39	17:35	19:41	21:10
16	Сәрсенбі	28 Сәуір	04:00	05:29	12:38	17:36	19:42	21:12
17	Бейсенбі	29 Сәуір	03:58	05:28	12:38	17:36	19:44	21:14
18	Жұма	30 Сәуір	03:56	05:26	12:38	17:37	19:45	21:15
19	Сенбі	1 Мамыр	03:54	05:25	12:38	17:38	19:46	21:17
20	Жексенбі	2 Мамыр	03:52	05:23	12:38	17:38	19:47	21:19
21	Дүйсенбі	3 Мамыр	03:50	05:22	12:38	17:39	19:48	21:21
22	Сейсенбі	4 Мамыр	03:48	05:20	12:38	17:40	19:50	21:22
23	Сәрсенбі	5 Мамыр	03:46	05:19	12:38	17:41	19:51	21:24
24	Бейсенбі	6 Мамыр	03:44	05:18	12:38	17:41	19:52	21:26
25	Жұма	7 Мамыр	03:42	05:16	12:37	17:42	19:53	21:28
26	Сенбі	8 Мамыр	03:41	05:15	12:37	17:43	19:55	21:29
27	Жексенбі	9 Мамыр	03:39	05:14	12:37	17:44	19:56	21:31
28	Дүйсенбі	10 Мамыр	03:37	05:12	12:37	17:44	19:57	21:33
29	Сейсенбі	11 Мамыр	03:35	05:11	12:37	17:45	19:58	21:34
30	Сәрсенбі	12 Мамыр	03:33	05:10	12:37	17:46	19:59	21:36

ЕСКЕРТУ:

- Мамыр айының 8-нен 9-на қараған түн – қасиетті **Қадір түні**.
- Пітір садақасы жан басына **420** теңге деп белгіленді.
- Садақаны **Kaspi.kz** мобильді қосымшасы арқылы аударуға болады.
- **Ораза ниеті:** Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.
- **Ауызашар дұғасы:** Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, Кешірімді Алла! Менің алдыңғы және соңғы күнә-кемшіліктерімді кешір!

CALL-ОРТАЛЫҚ +7(7172) 33-30-30

Басы 1-бетте

ТАҒДЫРҒА ҚАРСЫ ТҰРҒАНДР

Бұл жалғанда қол-аяғы бүтін он екі мүшесі сау болса да, тағдырына көңілі толмай, өміріне налып жүретін жандар болады.

Өмірде қарама-қайшылық көп қой. Олардың арасында мен мүгедек екенмін деп мойымай, тағдырына тіке қарап жүргендері қаншама. Бүгін жігерін жасытпаған жандарды үлгі етпекпіз. Бұл жандар мүмкіндігі шектеулі болғанына қарамай, 12 мүшесі сау адамдар жете алмай жүрген табыстарға қол жеткізген.

Сөзді канадалық Терренс Стэнли Фокстан бастағанды жөн көрдік. Ол 1977 жылы өмірін басқа арнаға

бұрған оқиғаға тап болады. Дәрігерлер 19 жасар Фокстан рак тапқан еді. Спортпен белсенді түрде шұғылданатын ол операциядан кейін бір аяғынан айырылып қалды. Бұл оқиғадан кейін үш жыл өткен соң, ол Канаданың шығысынан батысына қарай, жүгіріп өтуге бел байлайды. Мұндай марафонға қатысудағы басты мақсаты – онкологиялық ауруды зерттеу үшін қаражат жинау. Терри Фокс 5373 шақырымға созылған жолға 143 күн жұмсады. Әр күн сайын 42 км алға жылжып отырған. Бірақ оның сырқаты бастаған ісін аяқтауға мүмкіндік бермей, 1980 жылдың 1 қыркүйегінде жүгіруін тоқтатады. Себебі рак өкпеге қарай шаба бастаған еді. Ол 9 айдан кейін, 23 жасына жетпей өмірден өтті. Десек те, оның акциясы елде үлкен резонанс тудырып, барлығы 24 миллион доллар ақша жиналды. Қазір Канадада ғана емес, әлемнің 50-ге жуық мемлекетінде Терри Фокс атындағы қайырымдылық марафоны ұйымдастырылып келеді.

Американдық Мэтт Стацман екі қолсыз дүниеге келген. Иә, қос қолсыз өмір сүру мүмкін еместей көрінетінін мойындаймыз. Бірақ Мэтт аяқтарының көмегімен барлық нәрселерді істей алады. Сонымен қатар ол әлемдегі ең мықты садақшылардың қатарына кіреді. Мэтт

алыс қашықтықтан нысананы дәл көздеп рекорд орнатқан. Бірақ ол өзінің үлкен жеңісі деп мемлекеттік жүйені қолы жоқ адамның машинаны жүргізе алатындығына сендіргенін айтады.

1984 жылдың 31 желтоқсанында атақты рок-топ Def Leppard-тың барабаншысы Рик Аллен көлік апатына түсіп, сол қолынан толықтай

айырылған еді. Бірақ музыкант сүйікті ісімен айналысуын әрі қарай жалғастыра берді. Топ мүшелері де оған барынша қолдау көрсетіп, гибридті дыбыс қондырылған арнайы барабан жасатты. Риктің қатысуымен одан кейін де көптеген сәтті әуендер шығып, Def Leppard тобы таныла түсті.

Кейбір мүгедек жандар өз денсаулығының шектеулілігіне қарамай, дені сау адамдарға үлкен көмек беріп келеді. Олардың бірі ретінде тетраамелия синдромымен аяқ-қолсыз өмірге келгенНик Вуйчичті айтуға болады. Ол әлемге танымал мотиватор, оратор, меценат және

жазушы. Ник Вуйчичтің айтқан сөздері көптеген адамдардың өз жолын табуға көмегін тигізді. Қазірге дейін оның бір фильмі, 6 кітабы жарыққа шыққан. Тағы айта кетерлігі, Ник Вуйчич бүгінде 4 баланың әкесі атанып отыр.

Талпынған адамның табысқа жететіні белгілі. Адам баласына өмір бір-ақ рет беріледі. Сол саналы ғұмырды айналаға үлгі болатындай етіп сүрген дұрыс. Жігерін жасытпаған жандарды үлгі еткендегі айтқымыз келгені осы.

Әзірлеген **Н.САХИ**

Ең, ең, ең...

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҮЛКЕН ШӨЛ

Сахара – Солтүстік Африканың 10 мемлекетінің аумағында орналасқан әлемдегі ең үлкен шөл. Оның ауданы 9 065 000 шаршы километр. Мұндағы жер бедерінің 80 проценті 200-500 метрлік үстірттер. Олардың негізі кристалдық, жанартаулық тау жыныстарынан құралған.

Сахара шөлінде мұнай мен табиғи газдың ірі кен орындары, темір, алтын, мыс, уран кентастары бар. Климаты тропиктік шөлдік. Қаңтардағы орташа айлық температура +25°С, шілдеде +38°С. Сондай-ақ бұл шөлде Ніл мен Нигер өзенінен басқа тұрақты өзендер жоқтың қасы. Бірақ жер асты суының мол қоры бар. Халықтың көбісі Ніл өзенінің аңғары мен атырауында, солтүстік, оңтүстік, батыс аудандар мен жеке шұраттарда шоғырланған. Кейбір тайпалар көшпелі мал шаруашылығымен айналысады. Ауыл шаруашылығында көбіне құрма пальмасы, жеміс ағаштары, көкөніс пен дәнді дақылдар өсіріледі.

Пайдалы қазбалар жағынан Хасси-Месауд кен орны мен Сахара мұнай-газ бассейні, Иджиль темір және Акжужт мыс кен орны бар. Алтын, вольфрам, уран мен сирек кездесетін тағы бірнеше металдың кен орындары кембрийге дейінгі жертөлемен байланысты.

А.БІРКЕНОВ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4850 Тапсырыс №520

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ